

"Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 4 мамырдағы № 15 Жарлығына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 13 мамырдағы № 331 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Президенті мен
Үкіметі
актілерінің жинағында жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 4 мамырдағы № 15 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 29-30, 184-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

3-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) құқық қорғау органдарына қызметке алғашқы рет кіретін адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлық;" .

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ.Тоқаев